

Мауленова көш., 92,
050004 Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ул. Мауленова, 92
050004 г. Алматы, Республика Казахстан
Тел.: +7 777 2893249, +7 701 3291665
e-mail: info@ecaqa.org
web-site: <http://www.ecaqa.org>

30.06.2023 г. № 79

**«Қарағанды медицина университеті»
Коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Басқарма төрағасы-Ректоры
А.А.Турмухамбетоваға**

Құрметті Анар Ақылбековна!

Сізге, 2023 жылғы 21 маусымдағы «Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» Коммерциялық емес мекемесінің (АЕО) Аккредиттеу кеңесінің № 4 хаттамасының шешімімен аккредиттеу туралы хабарлайды:

5 (бес) жыл мерзімге 21.06.2023 бастап 20.06.2028 ж. дейін келесі мамандықтар бойынша келесі білім беру бағдарламалары:

- 1) 7M10103 «Мейіргер ісі»
- 2) 8D10140 «Фармация»
- 3) 8D07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»
- 4) 8D10101 «Мейірбике ғылымы»
- 5) 7R01137 «Аллергология және иммунология ересектердің, балалардың»
- 6) 7R01138 «Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың»
- 7) 7R01139 «Гастроэнтерология ересектердің, балалардың»
- 8) 7R01150 «Пульмонология ересектердің, балалардың»
- 9) 7R01105 «Гематология (ересектердің)»
- 10) 7R01106 «Балалар хирургиясы»
- 11) 7R01148 «Офтальмология ересектердің, балалардың»
- 12) 7R01151 «Радиология»
- 13) 7R01154 «Урология және андрология ересектердің, балалардың»
- 14) 7R01109 «Клиникалық фармакология»
- 15) 7R01145 «Патологиялық анатомия»

Осы хатпен бірге аккредиттеу туралы куәліктің түпнұсқасын жібереміз (1-қосымша).

Сіздерді және бүкіл ұжымды, бөлімше басшылары мен оқытушыларды, білім алушыларды жоғары оқу орнының білім беру сапасын қамсыздандырудағы жетістіктерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының белгілі ЖОО-ның бірінің

тұрақты дамуын көрсеткен мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтуімен құттықтаймыз.

Сыртқы сарапшылық комиссияның есептері және АЕО Аккредиттеу кеңесінің шешімі көрсетілген веб-сайтта <http://www.ecaqa.org> орналастырылатын болады.

2023 жылдан бастап 2028 жылға дейінгі кезеңге Аккредиттеуден кейінгі мониторинг енгізілетіні туралы хабарлаймыз:

– «2023-2028 жылдарға арналған, АЕО-ның Сыртқы сараптама комиссиясының ұсыныстары бойынша іс-шаралар жоспарын» дайындау және 2023 жылдың 30 шілдесіне дейін АЕО-на бекітілген жоспардың түпнұсқасын ұсыну. (жоспардың құрылымы және тиісінше 2 және 3-қосымшалардағы ССК ұсынымдарының тізбесі).

1) 2024 жылдан бастап 2028 жылға дейін жыл сайынғы есептерді қоса алғанда, жыл сайын 20 желтоқсанға дейін АЕО-на ___ жыл ішінде АЕО Сыртқы сарапшылар тобының ұсынымдарына сәйкес ұсыну.

– Есептер іс-шаралар жоспарына сәйкес кестелік нысанда жасалады, орындау күнін, түзету іс-шараларын іске асыру туралы мәліметтерді және олардың орындалуының дәлелдерін (құжаттардың шығыс деректері және т.б.) қамтиды, бұл ретте есептерді жіберген кезде ғылыми орталық растайтын құжаттардың бекітілген көшірмелерімен тиісті қосымша қалыптастыруы тиіс. Есептерді ғылыми орталықтың бірінші басшысы бекітеді және бұрыштама қояды.

– қажет болған жағдайда аккредиттеу туралы куәлік берілген күннен кейін 2 (екі) жыл Сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдарының орындалуы туралы дәлелдемелерін алу мақсатында АЕО-нан «Қарағанды медицина университеті» Комерциялық емес акционерлік қоғамына сарапшы мен бақылаушының бір күндік сапары ұйымдастырылады. Университет тарапынан қосымша қаржыландыру талап етілмейді. Сарапшылар сапарының күні ұйым басшылығымен келісілгеннен кейін анықталады.

Бас директор
МВА, м.ғ.д., профессор



Сарсенбаева С.С.